

ЖЫНЫС ҚАТЫНАСЫНАН ЖҰҒАТЫН АУРУЛАР

Тобы – 401/2

Орындаған – Апенова Мадина



- Егер сифилисті емдемесе, ол адам ағзасына төтенше құбылыстар туғызуы сезсіз. Сал ауруы (паралич), көзі көрмей соқыр болып қалуы, құлағы естімей саңырау болып қалуы, адам есінен мүлдем айрылып кетуі, тіршілік дүниесімен қоштасуы ықтимал. Сифилисті емдеу үшін ең кең қолданылатын дәрінің бірі антибиотик — пенициллин. Ол төмендегі сатыдағы саңырауқұлақтардан өндіріледі (*Penicillium*). Сифилис жүкгі анадан туылатын балаға тарауы сөзсіз. Ол ауру болып туады. Сүйектері кемтар болып дүниеге келеді.



МЕРЕЗ НЕМЕСЕ СИФИЛИС

- Бұл дертті негізінен арнаулы микробтар таратады. Әсіресе спирохеттер (*Spirocheta*) микроскоппен ғана көруге болады. Сырт пішіні — штопырға ұқсас бұралып келеді. Бұл микроб жыныс ауруының қандай түрі болмасын барлығын жұқтырады. Денені қызарады, жара пайда болып кейіннен іріндейді. Біраз уақыт өткеннен кейін (6 аптадан 1 жылға дейін), де-ненің кез келген жері бөртіп, қызарып кетеді. Бөрткені ауырмайды, не қышымайды. Жалпы адамды мазаламайды. Бұл аурудың осы кездегі белгілері, бұрынғы кездегілермен салыстырғанда мүлдем басқаша. Таңба-таңба болып шаштың түсуі, тамақ қы-рылдап қалады», адамның басы ауырып температурасы көтеріледі. Бірақ бұл белгілер болмауы да мүмкін.




СОЗ АУРУЫ НЕМЕСЕ ГОНОРЕЯ

- Бұл дертті де микробтар таратады. Оны геноккок деген микроағза жұқтырады. Жыныс қатынастарынан туындататын өте ауыр дерт. Ер адмдарға несеп шығару негізінде қатты ауырады. Ірің ағады. Әйелдердегі белгілері тіпті жаман. Үнемі ашып ауырып адамның нерв жүйесіне ерекше әсер етеді. Жыныс қатынасынан кейін 2-20 күндер ішінде байқала бастайды. Емдемесе әйел адамдар бедеу болып қалады. Ер адамдарда қатты ауырады. Буындары ісіп кетіп жүре алмай қалады. Бұл дертті де дерігер антибиотикті — пенициллинді пайдаланып емдейді. Бұл аурулардан сақтанудың бірнеше жолдары бар. Олар туралы Х. Қ. Сәтбаева және т.б. дәрігерлер өздерінің «валеология» атты кітабында жазған, Алматы, 1999 оқып көрем деушілерге осы кітапты оқып шығып танысуларына болады.



ГЕНИТАЛДЫҚ ГЕРПЕС

- Жыныс мүшелеріне шығатын ұшық сияқты вирустан болатын ауру. Әдетте адамның бетінде сулы көпіршік қалпында байқалады. Гениталды герпес жыныс қатынасы мен адам ағзасына жұғады. Кейіннен үлкен айық-айық жараға айналып кетеді де, қатты ауырып, нерв жүйесін хежеп жібереді. Адам өте ашушаң болады. Гениталды герпес алғашқы кезде түсі қызыл, бөртпе ретінде пайда болады. Кейін үлкен ірінді жараға айналып кетеді. Өте қиын емделетін аурулардың бірі. Гениталды герпес тұқым қуалайтын дерттердің қатарына жатады. Өйткені ол анадан балаға таратылатын дәрігерлер анықтаған. Гениталды герпестен туындайтын қорытынды: бала соқыр боп тууы мүмкін. Керек болуы да сөзсіз. Өлі болып тууы да ғажап емес. Герпестен туындайтын күйзеліс, психологиялық азаб, бас ауыру, адам шаршап – шалдығып кетеді.



ХЛАМИДИОЗ



- Ең бір жедел түрде дамидын жыныс ауруларының бірі. Оны табу, анықтау оңай шаруа емес. Өте қауіпті дерт. Өте кең тараған сырқат. Оны емдеуде оңай емес. Дегенмен емдесе тез арада адам бұл ауырудан айығып кетеді. Емдеу үшін кебінесе антибиотиктерді қолданады. Жыныс мүшелерінің гениталды сүйелдері (полип). Жанға онша азап келтірмейтін дерт. Дегенмен аурудың қайсысы ағзаға жақсы дейсің. Негізі, гениталды сүйелдің болмағаны дұрыс, «рухани таза болсаң, денең де таза болады», «Здоровому телу, здоровый дух».

- Гениталды сүйел папиллом деп аталатын вирус арқылы дамыды. Гениталды сүйелді дәрігерлер тез арада жойып жіберіп адам ағзасын сауықтырып жіберіп отырады. Сүйел арнайы ерітінділермен сұйық азот ерітінділерін жағып күйдіріп жібереді. Емдеу онша қиынға түспейді. Оны емдеуден бас тартуға болмайды. Ауруды үдетіп жіберуге жол бермеу керек.


ВАГИНИТ.

- Бұл дертті микробтар туғызады. Жазылатын ауру, емдеуге болады. Ауруды жасыруға болмайды. «Ауруын жасырған өледі» дейді қазақ. Қазіргі кездегі медицина күшті ғой. Көптеген ауруларды бірден жазып жібереді. Дәрігерлер көп біледі. Тек білімді дәрігерлердің қолына түсуге тырысу керек. Айта кететін бір жәй дәрігерлер тегіннен-тегін ештеңе жасамайды. Жаныңнан ештеңені аяудың қажеті жоқ. Олардың жасаған еңбегіне қарай көңілдендіріп, рахметіңді айтуың керек.



ЖИТС-ТІҢ ЖҰҒАТЫН ЖОЛДАРЫ.

- ЖИТС— бірнеше жолдармен жұғатыны кейінгі кезде анықтала бастады. Олардың ішінде медицина ғылымдарына белгілі болғаны мына төмендегілер;
- Жыныстық қатынас. Бірден нәпсіні тию керек.
- Тері асты инфекциясын жасау үшін бір шприцті бірнеше адамдарға пайдалану.
- ЖИТС вирусымен жұқтырылған екі қабат әйел аурулармен ішіндегі (жатырдағы балаға) жұқтыру.
- Қан қую кезінде ЖИТС вирусының берілуі.
- Қолдағы, тістегі, аяқтағы кішкентай жарылып кеткен жерлер арқылы ЖИТС вирусы ағзаға ету және т.б.



ЖИТС АУРУЛАРЫНЫҢ БЕЛГІЛЕРІ.

- 1. Ештеңе істемей адам өте қажып жалқау үрдісі басып кетіп, денені көтертпей қоюы, көңіл-күйдің төмендеп кетуі. Аппетит бұзылады. 2. Безгек ауруымен ауырған адамдар сияқты адамдар қалшылдап, дірілдеп кетеді. Түн бойы дене терден ажырамайды. 3. Бездердің мөлшерден тыс өсіп кетуі (лимфа түйіндерінің өсуі, әдетте мойында, қолтықта, шашта) бірнеше көзге түсетін өзгерістер болады. 4. Ауыз қуысында ерскше көзге түсетін теңбілдер пайда болады. 5. Құрғақ жөтелмен үнемі адамның жөтелуі, тыныс алу бұзыла түседі